

**"Мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі жөніндегі қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыратын лицензиарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 990 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 212 қаулысы.

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 01.01.2022 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мақта саласының мәселелері бойынша өзгерістер енгізу және "Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" 2021 жылғы 5 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі жөніндегі қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыратын лицензиарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 990 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 63-64, 498-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*